

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

II том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

A 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған
(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

Ғылыми-редакциялық кеңес:

Ж. Дәдебаев (*торага*), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәлібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарапқ,
А. Темірболат, Ж. Тілегөв, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (*хатшылар тобының
жетекшісі*), И. Әзімбаева (*жауапты хатышы*), Ә. Жапарова (*хатышы*)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *К.К. Мәдібаев*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Құрастырылған, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ә. Тарапқ*

A 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. II том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарапқ; жалпы ред баск. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 264 б.

ISBN 978-601-04-1283-5

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сөз» толғауымен ашылған. Екінші томға абайтану саласында 1940 жылдан 1960 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан өткен, ғылыми және тағылымдық маңызы үлкен еңбектердің таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жогары сыйып окушылары мен жогары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көшілікке арналған.

II томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық өлеуеттің артуына, қоғамдық санаудың дамуына ықпал етеді.

Том 3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнараалық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1282-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

АБАЙ ЖӘНЕ «ДАЛА УАЛАЯТЫ»

Улы орыс халқының демократияшыл интеллигенциясының ігі идеяларымен тәрбиеленген Шоқан Үәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай сынды қазақтың алғашқы ағартушы-жазушылары XIX ғасырдың екінші жартысында жазба үлт өдебиетінің неғізін салды.

Қазақ ақындары мен жазушылары өздерінің шығармаларын Қазан, Петербург және басқа қалаларда бастырып шығарып тұрды. Мысалы, 1862 жылдан 1900 жылға дейін 80-нен аса қазақша кітап басылып шықты.

Халықтың санасын ояту үшін баспасөздің таптырмайтын күшті құрал екендігін ұғынған қазақ оқығандары өткен ғасырдың 90-жылдарында қазақтың өз тілінде күнделікті баспасөз (газет пен журнал) шығарып тұру туралы мәселе көтерді. 1905 жыл қарсаңындағы Россиядағы революцияшыл жалпы қозғалысқа қа-зақ халқы да үлес қосты.

Міне, осы жағдайларды еске алып, патша үкіметі «бұрата-на» халық деп аталатын қазақ халқының саясат және мәдениет жөнінен өркендер кетуінен қауіптеніп, бұған қарсы түрлі ша-ралар қолданумен қатар, қазақ оқығандарының үлт баспасозіне бостандық беру жөнінде қойған талабын өз «мұддесіне» қолай-лап шешуге мәжбүр болды. Демек, патша үлт баспасөзін де өз қолына алды. Сөйтіп, XIX ғасырдың аяқ шенінде патша үкіме-ті өз тарапынан «Дала уалаяты» деген қазақша газет шығарып тұрды.

Қазақтың ол кездегі буржуазияшыл-демократияшыл ағым-дағы прогрессившіл оқығандары мен ақын-жазушылары қа-зақ тілінде ең алғаш шыққан «Дала уалаяты» газетін өз үлттына пайда келтіретін, оны қараңғылық үйқысынан оятатын, жарық сөүле енгізетін құрал деп біліп, қуанышпен қарсы алды. Қазақ оқығандары мен ақын-жазушылары бұл газетті, шынында да, өз халқының үлттық санасын оятуға, мәдениетті елдердің қатары-на қосылуына көмектессетін құралға айналдыруға тырысты. Олар өлеуметтік маңызы зор мақалалар мен хат жазып тұрды, қазақ-

тың қоғамдық ой-пікірін дамытатын құралға айналдырыды. Сөйтіп, газет патша үкіметі ойлағандай қазақ арасына оның тек бүйрық-жарлықтарын жеткізіп тұратын және қазақтың тұрмыс-салты мен өдегет-ғұрпы туралы мөлімет жинайтын ғана құрал болмай, нағыз қазақ баспасөзі дөрежесінде қызмет атқарды.

Қазақтың сол кездегі алдыңғы қатарлы оқығандары мен ақын-жазушылары осы газеттің маңына топталды. Солардың бірі Абай болды. «Жазды құн шілде болғанда» және «Күлембайға» деген екі өлеңін озі тірі кезінде тұнғыш рет «Дала уалаяты» газетіне бастырып шығарды.

Абайдың 1886 жылы шығарған «Жазды құн шілде болғанда» деген тамаша өлеңі «Дала уалаяты» газетінің 1889 жылғы 17 февральда 7-санында басылып шықты. Онда бұл өлеңдің бас жағына «Семей уезі, Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбайұлы ауылшының Бақанас өзенінің бойындағы Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» деген ұзақ тақырып жазылған. Ал өлеңдің аяғына «кісіден үйреніп жаздым, Көкбай Жантайұлы» деп қол қойылған. Мұның мәнісі, әрине, бізге түсінікті. Өйткені Абай алғашқы кезеңде өлең шығаратынын жүргіттан жасырып, Көкбайдың атынан таратқаны белгілі. Бірақ профессор Мұхтар Әуезовтің анықтауынша, Абай тек 1886 жылдың жазында өзінің «Жазды құн шілде болғанда» деген тамаша өлеңін жазып, тұнғыш рет осы өлеңін өзінің атынан таратқан. Бұған қарағанда Абайдың бұл өлеңі «Дала уалаятына» басылғанда өзінің атынан шығуы керек еді, тегінде, бұл өлеңін газетке Абайдың озі бұрынғысынша Көкбайдың атымен жібергенге үқсайды.

Абай шығармаларының академиялық жинағында басылған түсініктерде тек ақынның «Жазды құн шілде болғанда» деген өлеңі «Дала уалаятында» басылғаны ғана көрсетілген. Ал осы өлеңдің және «Күлембайға» деген өлеңі қай түрде басылды, осы күнгі текстерінің газеттегіден айырмасы бар ма, жоқ па, мұны тексеріп жазған ешкім жоқ. Біздің ойымызша, «Дала уалаятына» басылған текстердің кейінгі басылымдардан айырмасын тексеріп білуде үлкен мән бар. Сондықтан біз бұл мақаламызды осы мәселеғе арнап жазып отырмыз.

Абай «Жазды құн шілде болғанда» тек табиғаттың көркемдігін, жайлauғa көшіп-қонудың қызықтығын ғана суреттеген жоқ,

сонымен қатар байлардың тәкаппарлығын, оған жалынышты көдейлердің аянышты халін корсеткені де мөлім.

Осы өлеңдің «Дала уалаяты» газетінде басылған тексте көдейлердің байларға жалынышты халін сипаттайтын сөздері жок. Қандай сөздердің жоқ екендігін білу үшін «Жазды күн шілде болғанда» өлеңдің академиялық жинақ пен газетте басылған кейір жерлерін салыстырып көрейік.

Жинақта:

Мал ішінен айналыш,
Көңілі жақсы жайланаң.
Байда келер ауылға,
Аяңышылы жылтылдан.
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Әзілдесіп сылқылдан.
Жал-жалдаған жас бала,
Жағалайды шешесін,
«Ет өпер» деп қыңқылдан.
Көлеңке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтанатты байлардан,
Самаурыны бүркүлдан.
Білімділер сөз айтса,
Бәйге атындаи аңқылдан,
Өзгелер басын изейді,
«Әрине» деп макұлдан.

Газетте:

Мал ішінен айналыш,
Көңілі жақсы жайланаң.
Байлар келер ауылға,
Аяңышылы жылтылдан.
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Әзілдесіп сылқылдан.
· · · · ·
· · · · ·
· · · · ·
Көлеңке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтанатты байлардың,
Жай отырғаны сөйлемей,
Қаржалғаннан ыстықта,
Самаурыны бүркүлдан.

Газеттегі тексте бірінші шумақтың үш жолы жок, екінші шумақтың төрт жолының есесіне мұнда «Жай отырғаны сөйлемей, қаржағаннан ыстықты» деген екі жол кірген.

Будан кейін Абайдың жинағында «Жаз» деген өлеңдің мынадай бір шумағы «Дала уалаятында» тұтасымен жоқ:

Ақ көйлекті, таяқты,
Ақсақал шығар бір шеттен:
«Малынды әрі қайтар» деп,
Малшыларға қынқылдан.
Бай «байғұсым» десін деп,
«Шакырып қымыз берсін» деп,
Жарамсақсып, жалпылдан.

Абайдың бұл өлеңі шығармаларының жинағы мен газетте екі түрлі болып аяқталады.

Жинақта:

Мылтық асқан, құс салған,
Жас бозбала бір бөлек,
Су жағалап күтындал.
Қайырып салған қоқ құсы,
Көтеріле бергенде,
Каз сыптыра жарқылдан,
Откен күннің бәрі үмдіт,
Қолдан келер қайрат жок.
Баганағы байғұс шал,
Ауылда тұрып күледі,
Қошемет қылыш қарқылдан.

Газетте:

Мылтық атқан, құс салған,
Жас бозбалалар бір бөлек,
Су жағалап күтындал.
Қайырып салған құстары
Көтеріле бергенде,
Каз сыптыра жарқылдан,
.
.
.
Тамашамен шалдардың,
Қошемет қылыш қарқылдан.

Біз бұдан өлеңнің акырғы шумағында үш жолдың қысқартылғанын көреміз.

Сонымен, Абайдың «Жазды күн шілде болғанда» деген өлеңі «Дала уалаяты» газетінде толық басылмаған, байлардың рақымсыздығын сынайтын және кедейлердің байларға жалынышты екенін көрсететін сөздер қысқартылған. Мұны цензураның ісі деп білу керек. Абайдың өлеңінде «Ақ көйлекті, таяқты, Ақсақал шығар бір шеттөн» дегендегі «Ақсақалы» бір тостаған қымыз үшін байға амалсыз жарамсақтанатын кедей шаруаның бейнесі екені белгілі, әрине, кедейлерді байларға қарсы қоятын мұндай сөздерді патша үкіметі тұсында баспасөзде жіберуге, оның бер жағында «Дала уалаяты» сияқты ресми газеттің бетінен орын беруге болмайтын еді. Сондықтан цензура ондай «қырын» сөздерді өшіріп тастаған, ал Абайдың:

Откен күннің бәрі үмдіт,
Қолдан келер қайрат жок.
Баганағы байғұс шал,
Ауылда тұрып күледі,
Қошемет қылыш қарқылдан, –

деген бес жолының үш жолын мұлдем өшіріп тастап, оның тертінші жолын «тамашамен шалдардың» деп цензура түзеткен болуы керек. Мұндағы мақсат шалдың қарқылдан күлуі Абай айт-206

қандай «қолдан келер қайрат жоқ» болған соң жағымпазданып, қошеметтеу үшін күлген емес, цензураның түзетуі бойынша «тамашалағандықтан» күлген болып шығады.

Енді Абайдың «Құлембайға» деген екінші өлеңі «Дала уалаяты» газетінде қандай түрде басылды, соған келейік.

Абайдың бұл өлеңі «Дала уалаяты» газетінің 1889 жылғы 24 мартағы 12-санында басылған. Өлеңнің бас жағына, ақынның жинағындағыдай «Құлембайға» деп емес, басқаша, «1888 жылы май айында Ақшатау деген жерде Семей облысы мен Жетісү облысының череззычайный съездегі түрі» деген ұзақ тақырып қойылған. Өлеңнің аяғына қол қойылмаған.

«Дала уалаяты» газетінде басылған Абайдың бұл өлеңінің текстінде де кейінгі жинақтармен салыстырғанда өзгешелік бар. Абай «Құлембайға» деген өлеңін кейінгі жинақтарындағы баспасында «Болыс болды мінеки» деп бастап, Құлембайды өзіне-өзін сыннатады, сонымен қатар тек Құлембайдың ғана емес, барлық болыс атаулының сықақ болған образын жасайды. Ал «Дала уалаяты» дәл осы мағынада шықпаған. Мұнда өлеңнің сөздері, Абайдың кейінгі жинақтарындағыдай, бірінші жақтағы атаумен емес, үшінші жақтағы атаумен сөйлейді. Салыстырып байқайык:

Академиялық жинағында:

Болыс бодым мінекей,
Бар малымды шығындал.
Түйеде ком, атта жал,
Қалмады елге тығындал.
Устай алмадым тығындал.

«Дала уалаяты» газетінде:

Болыс болды кей кісі,
Бар малдарын шығындал.
Түйеде ком, атта жал,
Сейтседағы елдерін,
Устай алмады мығымдал.

Өлеңнің «Құлембайға» деген өз тақырыбымен басылмауы және үшінші жақтағы атаумен өзгертіліп жазылуының себебі не-ліктен деген сұрақ туады. Мұның себебі, біздің үйфаруымызша, мынада: цензура уставының 98-статьясы бойынша қызмет адамдарының кемшиліктері мен жолсыздықтары туралы баспасөз бетінде тек олардың атын, қызмет орны және мекемесін көрсетпей ғана пікір айтуга болатын еді. Осы себептен цензура Абайдың «Құлембайға» деп, оның болыстығын өзіне-өзін сынатып, сати-

ра ретінде жазған өлеңіне «бір уездің ел билеушілерінің съездегі тұрі» деген жалпылама тақырып қойған және өлеңнің соың құрылсын да өдейі үшінші жақтағы атаумен өзгерткен болуы керек.

Абайдың «Күлембайға» деген өшкөрелеуши мысқыл өлеңінде тек жәбір, жауыз болыстардың бейнесі ғана емес, ел қанағыш билердің де, патшалықтың зұлымдыққа негізделген заң-законы да өткір сыналатыны белгілі. өлеңнің мұндай патша үкіметіне қолайсыз жерлерін реесми газет бетінде жіберуге, өрине, болмайтын еді. Сондықтан цензура өлеңнің соңғы жағында келетін мынадай шумағын түгел қысқартып тастаған.

Айлам құрсын, білемін,
Болыстықтың жолы тар, –

дегеннен кейінгі

Қайтыш көмек болады
Антүрган өңкей ұры-кар.
Көргенім әлі ойтапы,
Үят, намыс, қалды ма ар? –

делінген төрт жол өшірілген.

Бұдан кейін:

Ендігі сайлау болғанда,
Түсе ме деп тағы шар.
Бұл күніме бір күні
Боламын ғой деймін зар, –
Дегеннен кейін келетін:
Ақыл айттар, тугандар,
Бұл сөзімді ойландар.
Кәтолошке көбейді,
Сөгіс естіп, тозды ажар.
Мынау елді ұстарлық,
Кісі емеспін, кел күткар, –

дейтін жолдар газетте жок.

Абай бұл арада болыстардың өздерінің жолсыздығы мен халықтан қол үзген дәрменсіздігін көрсете келіп:

Қолдан келмес қорлыққа,
Неге болдым мұнша інкәр, –

дегізіп, болыс Құлембайды өзін-өзіне шенетеді. Осыдан кейін жалғасып аяқталатын 24 жол да «Дала уалаятында» жоқ. Ұлы ақынның бүл сөздерінде үлкен саяси мән бар еді. Абай би-болысты жексүрын етіп көрсету арқылы, олардың озбырлық және жауыздық қылыштарын сынау арқылы патша үкіметінің отаршылдық саясатына тағатын, халыққа патша үкіметін жексүрын етіп көрсететін. Соңдықтан:

Ел жайылды, жетпей ме,
Оязға да бір хабар.
«Тагы бүйтіп кеттің» деп,
Қозғау салар, қолға алар.
Қатты қысым қылған соң,
Басым сотқа айналар.
Кірлі болып түскен соң,
Көрген күнім не болар?
Өзіне мәлім, тентектер,
Өз бетімен не табар?
Қағаз берер, қарманар,
Аяғында сандалар.
Бұрынғыдай дәурен жоқ,
Ұлық жолы тарайды,
Отірік берген қағаздың,
Алды-артына қарайды.
Өз қағазы өз көзін,
Жогалтуға жарайды.
Тауып альш жалғаны,
Қылмысында санайды.
Үры, зальм, закөншік,
Танып алды талайды.
Көрмей тұрып құсармын,
Темір көзді сарайды, –

деп аяқталатын сөздері «Дала уалаятында» болмауы тегін емес.

Біз Абайдың «Жазды күн шілде болғанда» және «Құлембайға» деген екі өлеңінің «Дала уалаяты» газетінде цензураның қолымен қысқартылып, тіпті кейбір жері өзгертіліп басылғанын көрсеттік. Енді біз Абайдың осы екі өлеңінің «Дала уалаятында»

басылып шығуының қандай маңызы бар және сол замандағы газет оқушыларына қандай өсер етті, соған тоқтайық.

«Дала уалаяты» газетінде Абайдың жоғарыда айтылған екі өлеңінен басқа өлеңі де, қара сезі де басылған жоқ. Мұның мәнісі мұнадай себептерден деп айтуға болады. Демократшыл және өділетшіл Абай өз заманында казақ арасындағы бұрынғы ру-ақсақалдық, бектік феодалдық қалыптардың қалдықтарына қарсы күрес жүргізді. Ру басы ақсақал-білердің, бай-феодалдардың, қожа-мoldалардың, алыпсатар-саудагерлердің қалың бұқараны түрлі жолмен қанауына қарсы күрес ашты. Осындаи ортаның залалды мінездерімен алысып, еліне тым құрыса сонымен пайдалы азамат болғысы келіп, Абай халықтың бір ауыздан сайлап қоюы бойынша үш жылдай болыс болып та тұрды. Бірақ оның илгі ниетіне ел жуандары жол берген жоқ. Олар Абайдың өзіне өтірік пәле-жала жауып, жарға жыққап болады. Солардың кесірінен Абай 1876 жылдан 1886 жылға дейін, яғни 10 жылдай сот тергеуінде болып, ақыры өзінің адалдығы мен халыққа инабаттылығы арқасында ақталып шыққаны белгілі. Міне, бұл Абайды патша үкіметіне сенімсіз етіп көрсетті. Оның үстіне патша үкіметіне қазақ елін басқартып қойған жергілікті чиновниктері Абайдың жер ауып келген «саяси қылмысты» адамдармен байланысы барлығын да сезіп, одан да қатты құдіктенді. Сондықтан «құдікті» адамның және сезі «ащы» ақынның шығармаларына өзінің қарамағындағы газет бетінен орын бергізбейді. Біздің бұл пікірімізді мұнадай дерек дәлелдейді: «Дала уалаяты» газетінің 1890 жылғы 12 январьдағы 1-санында: «Цензура уставының 139-статьясына сәйкес, редакция құрметті газетке сез салушылардан сұрайды: болашақ уақытта өздерініздиң туыскандарының ынсаф-мінәзлары, хұлықтары турада байқап айтуға, бізге өбден анықталған сөзлөрні һем хабарлөрні білдіруге» деп редакция атынан хабар басылып шықты. Бұл Абай сияқты сыншы, шыншыл адамдардың газетке сез жіберуіне тыйым салынғандығын байқатады.

Алайда Абайдың өлеңдерінің басылып шығуы газет оқушыларына өсер етті.

Екі өлең шыққанда, автордың аты аталмаса да, жүрт бұл өлеңдер Абайдің екендігін бірден таныды, қызығып оқыды. Бұдан кейін Абай өлеңдері газет бетінде көрінбеген соң жүрт аңсал, іздей

бастады. Абайды жүрттап бұрын іздеген кісі – Мәшһүр-Жұсіп. Ол «Дала уалаятының» белсенді тілшісі еді. Газеттің 1889 жылғы 1 декабрьдегі 48-санындағы бір мақаласында ол былай деп жазды: «Гөзитлөрнің ішінде бір тақпақ өлең Құнанбай баласынікі деген халыққа жайылды. Ол өлеңнен байлығы жақсы білініп тұр, бірақ халыққа пайдалы іске жаһат қылғаны білінбейді.

...Біз Ұбырай мырзаның өнерін Құнанбайдан артық деп естіген едік... Артында байлығы һәм келісті болып өлеңге қосылып тұрған соң өлеңнен муафиқ қылып сойлессе керек қой деп айтып жатырмын».

Мәшһүр-Жұсіп бұл сөзді, тегінде, Абайдың «Жазды күн шілде болғанда» деген өлеңі туралы айтқан. Өлеңде кедейлердің халін сипаттайтын жерлерін цензура қысқартып тастағанын біз жоғарыда айттық. Абай өз әкесі Құнанбайдың байлығы емес, жалпы қазақ байларының тұрмысын суреттегенін Мәшһүр-Жұсіп түсінбеген. Ал Жұсіптің «халыққа пайдалы іске жаһат қылғаны білінбейді» деп Абайға мін тағуы объективтік жағынан орынды да. Себебі бұл сөзді өлеңнің қысқартылып басылған түріне қарап айтқан.

Қазақтың бұрынғы салтында ақын я шешен адамдар «бақас» болып, бастас адамдарымен өр жайдан айтысып, жарыса сынауға құмар болатыны белгілі. Сол сияқты Мәшһүр-Жұсіп те жоғарыдағы мақаласында: «Осы күнде Құнанбайдың дүниеде бар-жоғын біле алмай тұрмыз. Құнанбай дүниеде бар шығар деуге тірі кісінің тіршілігі болады, – ол жоқ; өлі кісінің өлгенинің белгісі болады, – ол жоқ», – деп әкесі Құнанбайға Абайдың ас бермегенін сынап жазады.

Абайдың аты XIX ғасырдың аяқ шенінде қазақ елінің тұс-тұсина мәлім болғандығын мынадан тағы көруге болады: «Дала уалаятының» 1890 жылғы 12 январьдағы бірінші санында Омбы уезінің қазағы Қасен Кәкенов «Редакцияға хатында» «Ұбырайдың (Абай) өзі, Көпееев онша мактамаса да біз алыстан естіміз: мейлінше хұрмитлі қазақ, – байлығымен емес, өзінің ақылыммен. Соңдай ақылымен халыққа құрметті сүйкімді һәм сенімді, – бір өз төңірегіне емес, бүтін уезге», – деп жазды.

Мақаламыздың жалпы қорытындысында айтарымыз: Абай шығармаларының біразы өзі тірісінде жарияланып, XIX ғасыр-

дың аяқ шенінде және XX ғасырдың бас кезінде қазақтың жазба өдебиетінің дамуына үлкен өсер етті. Оның творчествосымен баспа жүзінде халықтың тұңғыш рет танысуына «Дала уалаяты» газеті себепші болды. Абайдың нағыз халықтық асыл сөздері бұл газеттің стилі мен тіліне ықпалын да тигізді.

Газет бастапқы кезде татаршалап сойлесе, кейін Абай тіліне шамасынша бейімдеп сөйлеуге тырысты.

«Дала уалаяты» газеті Абайдың өзіне де көп көмегін тигізді. Себебі газет орыс халқының озық мәдениетіне араласу, оқу-агарту, отырықшы ел болып, егіншілікке айналысу, өйел бостандығы, тағы сол сияқты мәселелерді қопшіліктің талқысына салды. Сонымен қатар газетте қазақ пен орыстың және басқа да ұлттардың өдебиет мұралары басылып тұрды. Пушкиннің «Бақша сарай фонтаны» туралы, Л.Н. Толстойдың шығармалары туралы пікірлер жазылды, Белинскийдің патриоттық нақыл сөздері, Крыловтың Алтынсарин аударған мысалдары, Г. Успенскийдің әңгімелері басылды. Газетте Шоқан Үәлихановтың және Ұбырай Алтынсаринның өмірі мен ісі туралы толық мәлімет басылды. Міне, осының бәрін Абай «Дала уалаяты» газетінен оқып көргені сөзсіз.

Екі тілде (қазақша және орысша) 13 жылдан аса шығып тұрған «Дала уалаяты» газеті Абайдың ұлы орыс халқының және басқа ұлттардың мәдениетімен толығырақ танысуына жәрдемші болды.

1950 ж.

ТҮСІНІКТЕР

1. Әуезов М. Абайдың өмірбаяны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдышқ шығармалар жинағы. 20-том. Монография мен мақалалар / жауапты шығарушылар: Л. Әуезова, З. Серікқалиев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 26-90-беттер; Абай институтының вебсайты.

2. Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Коммунист. – №9. – 1940. – 27-36-беттер; Абай институтының вебсайты.

3. Бөжеев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. филологияғылымдарының докторы, профессор Нығмет Faабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 209-224-беттер; Абай институтының вебсайты.

4. Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кеменгері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: «Қазбірмемдік» баспасы, 1945. – VII-XXIV беттер; Абай институтының вебсайты.

5. Мұсірепов F. Қазақ әдебиетінің өркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: «ҚазССР FA» баспасы, 1954. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.

6. Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны // Социалистік Қазақстан. – 15 май. – №94 (2859). – 1945; Абай институтының вебсайты.

7. Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы пындық және әлеуметтік теңсіздік мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: проф. Қ.Ж. Жұмалиев Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-том. – Алматы, 1960. – 83-110-беттер; Абай институтының вебсайты.

8. Қаратаев М. Абайды армандасақ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 155-159-беттер; Абай институтының вебсайты.

9. Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA баспасы, 1954. – 162-172-беттер; Абай институтының вебсайты.

10. Тәжібаев Ә. Абай және қазақ лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мақала алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналында басылған, автордың «Өмір және поэзия» кітабында жарық көрген. Мақала ақынның бес томдышқ шығармалар жинағының төртінші томында жарияланған басылымы бойынша берілді: Тәжібаев Ә. Бес томдышқ шығармалар жинағы. 4-том. – Фылыми еңбектер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 26-58-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Беккожин Х. Абай және «Дала уалаяты». Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 355-364-беттер; Абай институтының вебсайты.

12. Мұқамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Мұхамедханов Қ. Қөп томдышқ шығар-

малар жинағы. I том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Алаш, 2005; Абай институтының вебсайты.

13. Омаров І. Ата сөзі. Баспасөзде жарияланған: Омаров І. Өмір мен өнер (очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер) / құраст. Қ. Құрманғали. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖПС, 2012. – 286-291-беттер.

14. Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев. Баспасөзде жарияланған: Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу куралы / құраст., алғы сөзін жазған Т. Қоңыратбаев. – Алматы: Санат, 1994. – 147-167-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМУНЫ

Әуезов М. Абайдың өмірбаяны	3
Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны	68
Бәжесев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында	85
Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері	103
Мұсірепов Ф. Қазақ өдебиетінің оркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орны	119
Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны	127
Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы шындық және өлеуметтік тенсіздік мәселелері.....	143
Қаратаяев М. Абайды армандасан.....	163
Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы.....	168
Тәжібаев Ә. Абайдың лирикасы	178
Беккожин Қ. Абай және «Дала уалаяты»	203
Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында	213
Омаров I. Ата сөзі	235
Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев	240
Түсініктер.....	261

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
II том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *G. Рустембекова*
Компьютерде беттеген және
мұқабаны безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8549

Басуға 06.10.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 16,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №1507.
Таралымы 50 дана. Багасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.